

№ 1 «29» тамыз 2024 ж.

Педагогикалық кеңесте қаралды

Бекітемін: Насыр м.а С.А.Искакова  
Мектеп директоры

Келісімдік: Биртаева С.Б.Биртаева  
Аудитория бөлiмiнiң басшысы

**Тақырыбы:**

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық**

Класы : 10 кл

Орындады: Е.С.Азбергенов  
АЭТД пәні мұғалімі

Әдістемелік бірлестік отырысында қаралды.

Хаттама №1 «28» 08 2024 ж.

Тексерілді: Насыр С.А.Искакова  
оқу ісінің меңгерушісі

## **Түсінік хат.**

### **1. Оқу бағдарламасы.**

1.1. Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «3» тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2022 жылдың 5 тамызында № 29031 болып тіркелген). Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектебінің 10-11 сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту ҚР БҒМ-ің 2020 жылғы «21» сәуірдегі №154 бұйрығына қосымша, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы «31» қазандағы №328 бұйрығымен бекітілген жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) арқылы жүзеге асырылады.

1.2. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында алғашқы әскери және технологиялық дайындықты жастарға ұйымдастыру және өткізу үшін төменде көрсетілген құжаттар негіз болып табылады:

1. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV Заңы.

2. «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №15725 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына сәйкес 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық» білім беру саласы пәнінен тұрады.

### **2. Курсты оқытудың мақсаты.**

Оқу пәнінің *мақсаты* – білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арнауын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

### **3. Курсты оқытудың міндеттері.**

Пәнді оқытудың негізгі *міндеттері*:

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру;

2) әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастыру;

4) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін дарытуға тәрбиелеу;

5) әскери істерге байланысты мамандық кәсібіне оң көз-қараста тәрбиелеу.

**Өзектілігі.** 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың практикалық дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру, сондай-ақ әскери істі оқуға қызығушылық таныту мақсатында жастармен оқу-далалық жиындар өткізіледі. Оқу-далалық жиындар Алғашқы әскери және технологиялық даярлық курсынан өту бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады.

Оқу-далалық (лагерьлік) жиындардың **мақсаты** - білім алушылардың практикалық дағдылары мен дағдыларын үйрету және жетілдіру, сондай-ақ әскери істі зерделеуге қызығушылық таныту.

Оқу-далалық жиындарды өткізудің **практикалық бөлігі** мыналарды қамтиды:

- Тактикалық дайындық, оған жалпы әскери негіздері бөлімдері, жауынгердің ұрыста, шабуылда және қорғаныста іс-қимылдарын орындау әдістері мен ережелері, ату үшін бір траншеяның үзіндісі кіреді;

- Атыс дайындығы, Калашников автоматының материалдық бөлігін зерделеу бөлімдерін, автоматты толық бөлшектеу және құрастыру тәртібін, атуға дайындықта жаттығуда, қол гранаталарын лақтыруды қамтиды;

- Жалпыәскери жарғыларға әскери қызметшілердің орналасуы, өмірі мен тұрмысы, рота бойынша күндізгі міндеттері, күзетшінің міндеттері кіреді;

- Саптық даярлыққа ә/сәлемдесу бөлімдері, қаруы бар және онсыз саптық тәсілдер кіреді;

- Әскери топографияға азимутам бойынша қозғалыс бөлімдері кіреді

- Нормативтерді тапсыру.

#### **4. Күтілетін нәтиже**

Жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

4.1. Әскери іс, белгілеуді, ұйымдастыру құрылымын, штаттық қаруландыруды және техниканы, төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктерін, бағдарлау құралдарын қолдануды, робототехника және IT- технология негіздерін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын ұйымдастыруды; қазіргі заманғы зақымдау құралдарын қолданғанда, террористік қауіп-қатерді және табиғи апатты хабарлау жүйесін және әрекет ету тәртібін; табиғи апаттардың сипаттарын, зақымдау ошақтарында құтқару және апаттан кейінгі калпына келтіру жұмыстарын, шұғыл ұйымдастыруды; штаттық қаруды, қорғанудың дербес және ұжымдық құралдарының, радиобелсенді және химиялық бақылау құрылғыларының атқаратын қызметін, құрылысы мен қолдану тәртібін, сондай-ақ, тұрғындарды эвакуациялауды, жергілікті жерде орналастыруды ұйымдастыру және өткізу тәртібін; алғашқы медициналық көмектің міндеттері мен түрлерін, жолда жүру ережесін біледі;

4.2 Әскери іс, робототехника және IT-технология негіздерін, ядролық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық) қарулардың және басқа да адамдарды зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарының әсер ету ерекшеліктерін, оларды қолданған кезде шаруашылық нысандарына, қоршаған ортаға және экологияға тигізетін әсерін; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың салдары мен келтіруі мүмкін экономикалық және экологиялық шығынын түсінеді;

4.3 Орын алған әртүрлі жағдаятта ұрыс алаңында сарбаздың ролінде, радиациялық және химиялық бақылау жүргізу бекетінің құрамында барлаушы ретінде әрекет етуді; штаттық қаруды, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, жараланғанда, қан кеткенде, күйік шалғанда және үсік шалғанда, күн өткенде, электрлі жарақат алғанда, суға батқанда алғашқы медициналық көмек көрсетуді; дененің түрлі бөліктері жараланғанда байлап, таңуды; дененің түрлі бөліктерінде сынықтың ашық және жабық түрі бойынша алғашқы медициналық көмек көрсетуді; интернет байланысты, аудио-визуалды технологияларды пайдаланады, робототехника дағдыларын меңгереді, сандық фото және бейне жабдықтарды қолданады;

4.4 Зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайды; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын талдайды;

4.5 Зақымдаудың қазіргі заманғы қаруын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайда әрекет ету алгоритмін; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай туындағанда әрекет ету алгоритмін жинақтайды;

4.6 Қабылданған шешімнің салдарын бағалайды.



## Мазмұндық бөлім.

### **I-ші тарау. ҚР әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары. 4 сағат**

ҚР Қарулы Күштерінің өмірі мен қызметі әскери Жарғылармен анықталады. Әскери қызметшілер үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери Жарғылары міндетті түрде орындауға тиіс заңдар жинағы болып табылады. Оларда әскери тәртіптің, әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттерінің, бейбітшілік және соғыс уақытындағы іс-қимыл әдістері мен амалдырының тұжырымды да анық баяндаулары берілген. ҚРҚК-ін Жарғыларына Ішкі қызмет жарғысы, Тәртіптік жарғы, Гапрнизон және қарауыл қызметінің жарғысы және Саптық жарғы жатады.

### **II-ші тарау. Саптық дайындық. 4 сағат**

*Саптық дайындық* әскери қызметшілерді үйрету мен тәрбиелеудің негізгі пәндерінің бірі болып табылады. Ол ҚР Қарулы Күштерінің Саптық жарғысы негізінде ұйымдастырып жүргізіледі.

Саптық дайындыққа мыналар қамтылады:

- карусыз және карумен орындалатын жекелей саптық тәсілдер;
- жаяу ретпен және машиналардағы іс-қимыл кезіндегі бөлімшелердің ұйымдастырылуы;
- бөлімшелердің саптық байқаулары.

Саптық дайындық бойынша сабақтар арнайы алаңда (плацта) өткізіледі:

- 1) практикалық сабақтарды өткізу кезінде оқушыларды үйрету әдістемесіне баса назар аударылады, оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуі;
- 2) оқушылардың жаттығуы.

### **III-ші тарау. Атыс дайындығы. 4 сағат**

*Атыс дайындығының міндеттері* жеке құрамға ұрыста әр түрлі нысаналарды жою үшін штаттық қару мен оқ-дәрілерді дайындау мен қолдану ережелерін үйрету болып табылады. Оқу қаруының материалдық бөлігін, ату негіздерін, әдістері мен ережелерін, қол гранаталарын лақтыру әдістер мен ережелерін, нысаналарды барлау және оларға дейінгі қашықтықты анықтау, сондай-ақ атыс жүргізу әдістерін оқып-үйренуді көздейді. Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде қару және оқ-дәрілерді қолданудың қауіпсіздік ережелеріне баса назар аударған дұрыс.

- 1) оқушылар сабақ кезінде атыс қаруының құрылысы, оларды атуға даярлау мен ату, қаруды күту ж/е сақтау ережесін біледі.

### **IV-ші тарау. Тактикалық дайындық. 16 сағат.**

*Тактикалық дайындық* оқыту мен үйретудің негізін қалаушы тараулардың бірі болып табылады, ол алғашқы әскери дайындық бойынша оқу материалын кешенді оқытуды қамтамасыз етеді:

- 1) оқушылар сабақ кезінде қаруды және қол гранаталарын қолдану техникасы бойынша дағдыларды нық игереді;
- 2) тактикалық дайындық бойынша практикалық сабақтар өткізу үшін винтовка, оқу автоматтары (пулеметтері), сондай-ақ оқу гранаталарының қалтасы болуы міндетті.

### **V-ші тарау. Әскери топография. 2 сағат.**

*Әскери топография* жергілікті жерді зерделеу әдістерін, онда бағдарлануды және әскердің ұрыс қимылдарының мүддесіне сай жергілікті жерді бағдарлаумен байланысты басқа да мәселелерді қарастырады, әр алуан жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде топографиялық карталар мен аэрофотосуреттерді пайдалануды үйретеді.

### **VI-ші тарау. Сынақ алу. 4 сағат.**

10-сынып оқушыларының нормативтер мен практикалық жаттығуларды орындауларын бағалау мақсатында, оқу жылының соңында 4 сағат көлеміндегі қорытынды тексеру сабақтары ретінде сынақ алу қарастырылған.

**Нормативтік бөлім.**

| <b>№</b> | <b>Тақырыбы</b>                                                                                              | <b>Сағат саны</b>   | <b>Уақыт</b> |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------|
|          | <b><i>I. Тоқсан.</i></b>                                                                                     | <b><i>8сағ</i></b>  |              |
| №1       | Кіріспе сабақ. Әскери бөлімнің қару-жарақтары мен әскери техникасы.                                          | 1 сағат             |              |
|          | <b><i>I.Тарау. Тактикалық дайындық /14 сағат/</i></b>                                                        |                     |              |
| №2       | Әскери бөлімнің (бөлімшелердің) қару-жарақтары мен әскери техникасы.                                         | 1 сағат             |              |
| №3       | Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі.                                                           | 1 сағат             |              |
| №4       | Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу.                                                              | 1 сағат             |              |
| №5       | Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу.                                                              | 1 сағат             |              |
| №6       | Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері.                                                                               | 1 сағат             |              |
| №7       | Қорғаныстағы сарбаз                                                                                          | 1 сағат             |              |
| №8       | Қорғаныстағы сарбаз                                                                                          | 1 сағат             |              |
|          | <b><i>II. Тоқсан. 8 сағат</i></b>                                                                            | <b><i>8 сағ</i></b> |              |
| №9       | Қорғаныстағы сарбаз                                                                                          | 1 сағат             |              |
| №10      | Шабуылдағы сарбаз.                                                                                           | 1 сағат             |              |
| №11      | Шабуылдағы сарбаз.                                                                                           | 1 сағат             |              |
| №12      | Шабуылдағы сарбаз.                                                                                           | 1 сағат             |              |
| №13      | Бақылаушы сарбаз                                                                                             | 1сағат              |              |
| №14      | Шолушы сарбаз                                                                                                | 1сағат              |              |
|          | <b><i>II.Тарау. Атыс дайындығы. /6 сағат/</i></b>                                                            |                     |              |
| №15      | АК автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары                                                    | 1 сағат             |              |
| №16      | АК-74 автоматынан атуға ыңғайлануға жаттығу.                                                                 | 1 сағат             |              |
|          | <b><i>III. Тоқсан. 10 сағат</i></b>                                                                          |                     |              |
| №17      | Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдері.                                                               | 1 сағат             |              |
| №18      | Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдері.                                                               | 1 сағат             |              |
| №19      | Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату                                                                   | 1 сағат             |              |
| №20      | Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату                                                                   | 1 сағат             |              |
|          | <b><i>III тарау. ҚРҚК-ің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары-4 сағат</i></b> |                     |              |
| №21      | Әскери бөлімдегі әскери қызметшілердің орналасуы, өмірі мен тұрмысы                                          | 1 сағат             |              |
| №22      | Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері.                                                                | 1 сағат             |              |
| №23      | Сақшының міндеттері                                                                                          | 1 сағат             |              |
| №24      | Бекеттегі сақшының міндеттері мен іс-әрекеттері                                                              | 1 сағат             |              |
| №25      | <b><i>IV тарау. Саптық дайындық.</i></b><br>Әскери сәлемдесу.                                                | 1 сағат             |              |
| №26      | Саптан шығу және сапқа қайта тұру.                                                                           | 1 сағат             |              |
|          | <b><i>IV. Тоқсан. 8 сағат.</i></b>                                                                           |                     |              |
| №27      | Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар.                                                        | 1 сағат             |              |
| №28      | Бөлімшенің сабы                                                                                              | 1 сағат             |              |
| №29      | <b><i>V тарау. Әскери топография.</i></b><br>Азимут бойынша қозғалыс.                                        | 1 сағат             |              |
| №30      | Азимут бойынша қозғалыс.                                                                                     | 1 сағат             |              |
| №31      | Сынақ алу                                                                                                    | 1 сағат             |              |
| №32      | Сынақ алу                                                                                                    | 1 сағат             |              |
| №33      | Сынақ алу                                                                                                    | 1 сағат             |              |
| №34      | Сынақ алу                                                                                                    | 1 сағат             |              |



## Ақпараттық-әдістемелік бөлім.

### *1. Ақпараттық-технологиялық әдістер.*

- 1.1. БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану.
- 1.2. Дерекқордан және интернеттен ақпараттарды іздеу.
- 1.3. Интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды таңдап, өңдеу.
- 1.4. Электрондық байланысқа, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы, басқа оқушылармен және мұғалімдермен ынтымақтастықта болып қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу.
- 1.5. Интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану.
- 1.6. Аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

### *2. Әдіс-тәсілдер.*

- 2.1. Құндылықтарға бағытталған ұстаным-ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылығы.
- 2.2. Тұлғаға бағытталған ұстаным-тұлғаның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін толық ашу.
- 2.3. Саралап оқыту ұстанымы-әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру, сараланған тапсырмаларды қолдану.
- 2.4. Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту-білімді меңгеруде оқу әдісі ретінде ойын іс-әрекетін қолдану.
- 2.5. Жобалық ұстаным-оқушы өз алдына жеке проблема қойып, оны шешуде өзбетіндік іс-әрекет жасайды.

### *3. Бағалау.*

#### *3.1. Саптық дайындық тарауы бойынша:*

Саптық тәсіл нық, еркін, әдемі және саптық Жарғының талаптарына сай орындалса- «өте жақсы» деп бағаланады.

Саптық тәсілді орындау кезінде -«өте жақсы» талаптарын сақтай отырып бір кате жіберсе- «жақсы» деп бағаланады.

Саптық тәсілді орындау кезінде оқушыдан нақтылық өзіне деген сенімсіздік байқалса- «қанағаттанарлық» деп бағаланады.

#### *3.2. Атыс дайындығы тарауы бойынша:*

Атыс қаруының атыс негіздерін білуі, автоматтың арналуы мен ұрыстық қасиетін, жалпы құрылысы мен жұмыс істеу принципін білуі, жарықшақты қол гранаталарының арналуы мен ұрыстық қасиетін білуі және оны қашыққа лақтыра білуі, гранаттар, оқ-дәрілер, қару- жарақпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын білуі бағаланады.

#### *3.3. Тактикалық дайындық тарауы бойынша*

Қазіргі заманғы ұрыстың жалпы сипаттамасын білуі, мотоатқыштар бөлімшесінің ұйымдастырылуы мен оның қару-жарағын білуі, сарбаздың қорғаныстағы және шабуылдағы іс-әрекетін білуі бағаланады.

#### *3.4. Әскери топография тарауы бойынша.*

Жергілікті жерде бағдарлану туралы білімі, Адрианов компасының құрылысын және онымен жұмыс жасай білуі, көкжиек тұстарын анықтай және өзі тұрған жері туралы мәлімдеме жасай білуі, азимут бойынша қозғалыс жасай білуі бағаланады.

Сонымен қатар материалдың дұрыс болуы әрі сапалы баяндалуы, ұғымдар мен заңдардың дұрыс ашылуы, деңгейлік сұрақтар мен тест тапсырмаларының, өзіндік сынақ жұмыстарының дәл орындалуы бағаланады.

Қолданылатын әдебиет.

1. Оқушылар үшін.

| № | Атауы                                  | Авторы                                                               | Басылым                 | Жылы     |
|---|----------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-------------------------|----------|
| 1 | Алғашқы әскери дайындық<br>10 класс    | Қ.Р. Аманжолов<br>А.Б. Тасбулатов<br>Д.К. Майхиев<br>Б.К. Аманжолова | Алматы<br>«Мектеп»      | 2006 жыл |
| 2 | Алғашқы әскери дайындық<br>11 класс    | Қ.Р. Аманжолов<br>А.Б. Тасбулатов<br>Д.К. Майхиев<br>Б.К. Аманжолова | Алматы<br>«Мектеп»      | 2015 жыл |
| 3 | Учебное пособие для<br>призывников     | З.П. Даунене<br>Е.В. Коток                                           | Москва<br>«Просвещение» | 1986 жыл |
| 4 | Полевые занятия по НВП                 | П.М. Брысин                                                          | Москва «ДОСААФ»         | 1978 жыл |
| 5 | Азаматтық қорғаныс туралы<br>әңгімелер | Е. Әлібеков                                                          | Алматы<br>«Қазақстан»   | 1973 жыл |

2. Мұғалім үшін.

| № | Атауы                                                     | Авторы                             | Басылым                    | Жылы     |
|---|-----------------------------------------------------------|------------------------------------|----------------------------|----------|
| 1 | Методическое руководство по<br>НВП                        | Қ.Р. Аманжолов<br>А.Б. Тасбулатов  | Алматы<br>«Мектеп»         | 2003 жыл |
| 2 | Рекомендации по проведению<br>контрольных занятия по НВП. |                                    | Алматы<br>«Алма ата»       | 1987 жыл |
| 3 | Методика НВП.                                             | И.Г. Назименко                     | Москва<br>«ДОСААФ»         | 1987 жыл |
| 4 | Сборник методических<br>материалов.                       | Л.А. Пестеров                      | Москва<br>«ДОСААФ»         | 1977 жыл |
| 5 | Методические разработки по<br>НВП.                        | Учебно-<br>методический<br>кабинет | Москва<br>«ДОСААФ»         | 1978 жыл |
| 6 | Пособие по обучению молодых<br>солдат.                    | Р.Г. Дуков<br>В.И. Прокофьев       | Москва<br>«Воениздат»      | 1973 жыл |
| 7 | Справочное пособие по НВП                                 | П.А. Гусак<br>А.М. Рогачев         | Минск<br>«Народная асвета» | 1972 жыл |
| 8 | Учись действовать в бою                                   | А.А.Новгородов                     | Москва<br>«ДОСААФ»         | 1972 жыл |